

**Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2011 жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 ақпандағы № 163 Қаулысы.

"2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңының 11-бабын және "2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2011 жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ағымдағы нысаналы трансферттердің бекітілген сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасын уақтылы және нысаналы пайдалануды;

2) есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасының пайдаланылуы туралы есептер беруді қамтамасыз етсін.

**4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.06.2020 № 375 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1, 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

**Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2011 жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасы**

1. Осы облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2011 жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңының 11-бабына және "2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына сәйкес әзірленді.

Қағида облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша пайдалану тәртібін айқындайды:

010 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

038 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына, мемлекеттік сатып алу туралы және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

1) 2011 жылы ағымдағы нысаналы трансферттердің есебінен бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын амбулаториялық және стационарлық емдеу кезінде өңірлер бөлінісіндегі дәрілік заттардың, вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттардың тізбесі мен көлемін айқындайды;

2) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының жергілікті органдарымен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника

стандарттарының шеңберінде жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарына арналған медициналық техниканың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, сондай-ақ автокөліктің тізбесін келіседі.

4. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер аурулардың профилактикасына, салауатты өмір салтын насихаттау мен қалыптастыруға; АИТВ ахуалына эпидемиологиялық қадағалау жүргізуге; есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін тұлғаларға алмастыратын терапияны жүргізуге; ересек адамдарда артериялық гипертензияның, жүректің ишемиялық ауруларының, қант диабетінің бар-жоғын тексеріп-қарауға; балалардың нысаналы топтарына "В" және "С" гепатитін анықтауға скрининг жүргізуге; бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарында әлеуметтік қызметкерлер институтын енгізуге; бастапқы медициналық санитариялық көмекке арналған шығыстарды теңестіруге; наркологиялық диспансерлерде және оңалту орталықтарында, хоспистер мен мамандандырылған емдеу-профилактикалық кәсіпорындарында, санаторийлерде, мейірбикелік күтім ауруханаларында науқастарды емдеуге; тіс-жақ аномалияларын жоюға арналған аппаратты пайдалана отырып, туа біткен жақ-бет мүшелерінің патологиясы бар балаларға ортодонттық көмек (ортодонттық пластинка) көрсету бөлігінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін кеңейтуге; бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары көрсететін медициналық көмек сапасының нәтижелерін ескеретін бастапқы медициналық-санитариялық көмек тарифіне қосымша компонентті төлеуге (бастапқы медициналық-санитариялық көмек тарифіне ынталандыратын құрамдас бөлік); вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды, диабетке қарсы препараттарды, туберкулезге қарсы препараттарды, гематологиялық науқастарға химиялық препараттарды, гемофилиямен ауыратын ересек науқастарға қан ұйыту факторларын, жіті миокард инфаркты бар науқастар үшін тромболитикалық препараттарды, "В" және "С" вирустық гепатиттерімен ауыратын балаларды, ересектерді емдеуге арналған препараттарды, АИТВ инфекциясын жұқтырғандарды емдеуге арналған ретровирусқа қарсы препараттарды, миастениямен ауыратын науқастарды, реналдық анемиясы бар бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігімен ауыратын науқастарды емдеуге арналған препараттарды, муковисцидозбен, мукополисахаридозбен, Гоше ауруымен ауыратын балаларды емдеуге арналған препараттарды сатып алуға пайдаланылады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 379 Қаулысымен**

5. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын

материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер медициналық жабдықтар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен мамандандырылған автокөлік сатып алуға пайдаланылады.

6. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге: наркологиялық диспансерлерде және оңалту орталықтарында, хоспистер мен мамандандырылған емдеу-профилактикалық кәсіпорындарында, санаторийлерде, мейірбикелік күтім ауруханаларында науқастарды емдеуге стационарлық және стационарды алмастыратын көмекке; аурулардың профилактикасына, салауатты өмір салтын насихаттау мен қалыптастыруға; есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін тұлғаларға алмастыратын терапияны жүргізуге; тіс-жақ аномалияларын жоюға арналған аппаратты пайдалана отырып, туа біткен жақ-бет мүшелерінің патологиясы бар балаларға ортодонттық көмек (ортодонттық пластинка) көрсетуге медициналық қызметтерді сатып алуды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мемлекеттік денсаулық сақтау басқармаларының жергілікті органдары жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу және олармен қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай дистрибьютор вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды, диабетке қарсы препараттарды, туберкулезге қарсы препараттарды, гематологиялық науқастарға химиялық препараттарды, гемофилиямен ауыратын ересек науқастарға арналған қан ұйыту факторларын, жіті миокард инфаркты бар науқастар үшін тромболитикалық препараттарды, "В" және "С" вирустық гепатиттерімен ауыратын балаларды, ересектерді емдеуге арналған дәрілік заттарды, АИТВ инфекциясын жұқтырғандарды емдеуге арналған ретровирусқа қарсы препараттарды, миастениямен ауыратындарды емдеуге арналған препараттарды, реналдық анемиясы бар бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігімен ауыратын науқастарды емдеуге арналған препараттарды, муковисцидозбен, мукополисахаридозбен, Гоше ауруымен ауыратын балаларды емдеуге арналған препараттарды сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып табылады.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 379 Қаулысымен**

8. Осы Қағидаға 1-қосымшада көрсетілген медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген заңды тұлға жүзеге асырады.

9. Осы Қағидаға 1-қосымшаға енгізілмеген медициналық техниканы және мамандандырылған автокөлікті сатып алуды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының жергілікті органдары жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімнің, төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны жеке қаржыландыру жоспарының негізінде жүргізеді.

11. Осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің медициналық ұйымдарының арасында медициналық техниканы, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен мамандандырылған автокөлікті бөлуді ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттарына сәйкес облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының жергілікті органдары жүзеге асырады.

12. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жартыжылдықтың және бір жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп береді.

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне есептілікті ұсынады.

Облыстық бюджеттердің,  
Астана және Алматы қалалары  
бюджеттерінің 2011 жылға  
арналған республикалық  
бюджеттен денсаулық сақтауға  
берілетін ағымдағы нысаналы  
трансферттерді пайдалану  
қағидасына 1-қосымша

**2011 жылы облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарактандыруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер шеңберіндегі медициналық техниканың тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 379, 2011.06.27 № 721 Қаулыларымен.**

Р/с №	Атауы
1.	Рентгендік флюорографиялық стационарлық және жылжымалы цифрлық кешен

2.	Рентгендік цифрлық стационарлық және жылжымалы маммограф
3.	Ультрадыбыстық диагностика аппараты
4.	Биохимиялық талдағыш
5.	Рентгендік диагностикалық стационарлық цифрлық аппарат
6.	Гематологиялық талдағыш
7.	Өкпені жасанды желдету аппараты
8.	Ингаляциялық наркозға арналған аппарат
9.	Жаңа туған нәрестелерге арналған стационарлық және көліктік инкубатор (кювез)
10.	Жылытқышы бар реанимация үстелі
11.	Магниттік-резонанстық томографтар
12.	Қышқылды-негізгі жай-күйді талдағыш
13.	Литотриптер
14.	Эндоскопиялық хирургияға арналған жиынтық
15.	Ангиограф
16.	Жасанды қан айналымының аппараты
17.	Қан орталықтарына арналған жиынтық
18.	Ретиналды томограф
19.	Жиынтығында 12 монитормы бар орталық байқау станциясы
20.	Кардиохирургия мен нейрохирургияға арналған зерттеу опциясы бар компьютерлік томограф
21.	Сұйықтық цитология аппараты
22.	Аралас лазерлік қондырғы
23.	Портативті неонаталды монитор
24.	Қан газдарын тері арқылы мониторингілеу жүйесі бар нәрестеге арналған монитор
25.	Электрокардиография және артериялық қысымды тәуліктік мониторингілеу жүйесі
26.	Тредмил жүйесі
27.	Жылжымалы медициналық кешен

Облыстық бюджеттердің,  
Астана және Алматы қалалары  
бюджеттерінің 2011 жылға  
арналған республикалық  
бюджеттен денсаулық сақтауға  
берілетін ағымдағы нысаналы  
трансферттерді пайдалану  
қағидасына 2-қосымша

**Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2011 жылы жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттары**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.05 № 1453 Қаулысымен.**

МЫҢ ТЕҢГЕ

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Өңірлердің атауы	Б М С К ұйымдарын жаратқандыру	Жедел медициналық жәрдем қызметін жаратқандыру	Туберкулезге қарсы ұйымдарды жаратқандыру	Балалар мен босандыру ұйымдарын жаратқандыру
1	2	3	4	5	6
1.	Ақмола облысы	91 836	-	57 565	219 963
2.	Ақтөбе облысы	97 344	58 930	55 344	173 310
3.	Алматы облысы	88 827	-	57 420	357 667
4.	Атырау облысы	119 452	58 930	27 672	152 011
5.	Шығыс Қазақстан облысы	106 467	94 285	55 344	428 956
6.	Жамбыл облысы	91 145	-	55 344	307 381
7.	Батыс Қазақстан облысы	139 200	56 000	27 672	110 549
8.	Қарағанды облысы	113 287	-	55 344	454 814
9.	Қостанай облысы	89 064	69 617	55 344	186 082
10.	Қызылорда облысы	91 290	70 716	27 672	136 853
11.	Маңғыстау облысы	34 352	117 860	38 164	413 547
12.	Павлодар облысы	89 043	70 714	27 672	231 748
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	45 852	-	-	81 952
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	185 584	11 585	55 344	448 563
15.	Алматы қаласы	175 129	26 490	27 672	211 717
16.	Астана қаласы	132 760	58 930	74 572	220 818
	Жиыны:	1 690 632	694 057	698 145	4 135 931

### кестенің жалғасы

Р/с №			Магнитті-резонансты, компьютерлік	
-------	--	--	-----------------------------------	--

	Аудандық, қалалық және облыстық ауруханаларды жарақтандыру	Онкологиялық ұйымдарды жарақтандыру	томографтармен жарақтандыру	Кардио-хирургиялық, кардиологиялық орталықтарды (бөлімшелерді) жарақтандыру
	7	8	9	10
1	159 982	30 000	-	-
2	111 433	-	-	-
3	65 490	-	547 495	231 500
4	75 434	-	-	-
5	76 779	-	-	231 500
6	19 634	30 000	-	231 500
7	80 873	-	-	-
8	215 250	-	-	-
9	64 485	30 000	-	-
10	146 415	-	-	-
11	103 781	-	180 000	-
12	123 808	30 000	-	-
13	68 565	-	178 000	149 710
14	102 150	-	-	237 394
15	172 869	-	-	231 500
16	66 957	-	-	-
Жиыны :	1 653 905	120 000	905 495	1 313 104

**кестенің жалғасы мың теңге**

Р/с №	Өңірлердің атауы	Кардиологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды жарақтандыру	Қ а н орталықтары н жарақтандыру	Санитариялық авиация қызметін жарақтандыру	Медициналық жылжымалы кешендермен жарақтандыру	Барлығы
1	2	11	12	13	14	15
1.	Ақмола облысы	102 489	-	26 951	171 000	859 786
2.	Ақтөбе облысы	102 489	72 392	23 572	171 000	865 814
3.	Алматы облысы	204 978	108 463	26 950	342 000	2 030 790
4.	Атырау облысы	102 826	96 847	26 951	171 000	831 123
5.	Шығыс Қазақстан облысы	204 978	-	26 951	342 500	1 567 760
6.	Жамбыл облысы	136 652	-	26 900	171 000	1 069 556



7.	Батыс Қазақстан облысы	68 326	178 901	26 600	171 000	859 121
8.	Қарағанды облысы	204 978	-	26 900	256 500	1 327 073
9.	Қостанай облысы	102 489	-	26 951	171 000	795 032
10	Қызылорда облысы	68 326	87 955	26 951	171 000	827 178
11	Маңғыстау облысы	67 226	-	26 951	172 000	1 153 881
12	Павлодар облысы	68 326	85 625	26 951	171 000	924 887
13	Солтүстік Қазақстан облысы	68 326	-	26 000	258 000	876 405
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	239 141	87 662	26 950	256 500	1 650 873
15	Алматы қаласы	136 652	61 752	-	-	1 043 781
16	Астана қаласы	136 652	-	-	171 560	862 249
	<b>Жиыны:</b>	<b>2 014 854</b>	<b>779 597</b>	<b>372 529</b>	<b>3 167 060</b>	<b>17 545 309</b>

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2011 жылғы 22 ақпандағы  
 № 163 қаулысына  
 қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.06.2020 № 375 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**